

**Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 22 қазандағы № 844 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 22 қазандағы № 406 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылы 24 қазанда № 35289 болып тіркелді.

"Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

Қазақстан Республикасы  
ішкі істер министрі

Е. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2024 жылғы 22 қазандағы  
№ 406 мен  
Қазақстан Республикасы  
ішкі істер министрі  
2024 жылғы 22 қазандағы  
№ 844 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## **Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидалары (бұдан әрі – Қайта бағыттау қағидалары) "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 18-бабына сәйкес әзірленді және адам саудасының құрбандарына жан-жақты және қолжетімді қолдау жүйесін қамтамасыз ету үшін оның шеңберінде адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде адам саудасының құрбандарын, оның ішінде әлеуетті адам саудасының құрбандарын анықтауға, қайта бағыттауға, қорғауға және көмек көрсетуге қатысатын ынтымақтастық жүйесін айқындайды.

2. Осы Қайта бағыттау қағидаларында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері - уәкілетті мемлекеттік органдар, өзге де мемлекеттік органдар, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, туристік қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ еңбек делдалдығын көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар,

Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген, өз құзыреті шегінде адам саудасына қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар;

2) адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер (бұдан әрі – АӘҚ субъектілері) - арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін және бюджет қаражатынан қаржыландырылатын заңды тұлғалар; жұмыс істейтін және бюджет қаражатынан қаржыландырылатын заңды тұлғалар;

3) адам саудасының құрбаны – осы мәселе бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру фактісінің болуына қарамастан, адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адам, сол сияқты Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес адам саудасына байланысты қылмыстардан зардап шеккен деп танылған адам;

4) адам саудасының құрбанын сәйкестендіру - адамды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте адам саудасының құрбаны деп тану рәсімі;

5) адам саудасының ықтимал құрбаны – материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділіктің, кәмелетке толмағандар немесе қарттар, жетімдік немесе ата-анасының қамқорлығының болмауы, мүгедектік, психикалық және өзге де аурулар, психобелсенді заттарды теріс пайдалану, жұмыссыздық, баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар), оған қатысты қылмыстар жасауға жағдай жасайтын реттелмеген құқықтық мәртебенің салдарынан осал жағдайдағы адам, адам саудасына байланысты, сондай-ақ адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендіруден өткенге дейін адам саудасының болжамды (мүмкін) құрбаны;

3. Адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің жұмысын Қайта бағыттау қағидалары бойынша үйлестіруді Заңға (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) сәйкес ішкі істер органдары (бұдан әрі - ИМ) және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі - Еңбекмині) жүзеге асырады.

## **2-тарау. Адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің адам саудасының әлеуетті құрбандарын анықтауда, қайта бағыттауда, қорғауда және оларға көмек көрсетуде ынтымақтастығының тәртібі**

4. Заңның 1-бабы 4) тармақшасына сәйкес адам саудасының құрбандарын, оның ішінде адам саудасының әлеуетті құрбандарын анықтауға және қайта бағыттауға қатысатын субъектілерге (бұдан әрі - Қайта бағыттау қағидаларының субъектілері):

- 1) ішкі істер органдары;
- 2) халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;
- 4) білім беру саласындағы уәкілетті орган;

5) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін қоса алғанда, сыртқы саясат саласындағы уәкілетті орган;

6) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

9) денсаулық сақтау ұйымдары;

10) білім беру ұйымдары;

11) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары;

12) коммерциялық емес ұйымдар;

13) туристік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

14) еңбек делдалдығын көрсететін жеке және заңды тұлғалар;

15) АӘҚ субъектілері;

16) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1- тармағының 46-тармақшасына сәйкес өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильді топтар;

17) өз құзыреті шегінде адам саудасына қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар.

5. Адам саудасының әлеуетті құрбанын анықтауды (өздігінен жүгінген, ақпарат түскен, БАҚ-та жарияланған кезде) осы Қайта бағыттау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес адам саудасының индикаторлары бойынша Қайта бағыттау қағидаларының субъектілері жүзеге асырады.

6. Адам саудасының ықтимал құрбанын анықтаған Қайта бағыттау қағидаларының субъектісі оған көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатында сәйкестендіру үшін қайта бағыттауға көмектесуді ұсынады.

7. Адам саудасының ықтимал құрбанын қайта бағыттау кезінде оның ақпараттандырылған келісімінің болуы міндетті шарт болып табылады.

8. Адам саудасының анықталған әлеуетті құрбанымен өзара іс-қимыл (коммуникация/қарым-қатынас) ақпараттандырылған келісім алу үшін өзара іс-қимыл жасайтын адамның жынысын (адам саудасының әлеуетті құрбанымен бір жыныс болған кезде) таңдау жөніндегі пікірін ескере отырып, ол үшін қауіпсіз жерде жүзеге асырылады.

9. Адам саудасының ықтимал құрбанының ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін адам саудасының ықтимал құрбанын анықтаған қайта бағыттау қағидаларының субъектісі:

1) телефон қоңырауы немесе хабарлама арқылы дереу ауызша АӘҚ субъектісіне, ішкі істер органдарына (адам саудасына қарсы күрес бөлінісі) немесе халықты

әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласында ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына адам саудасының ықтимал құрбанын анықтау туралы хабарлауды қамтамасыз етеді;

2) адам саудасының әлеуетті құрбанының шұғыл практикалық қажеттіліктеріне, оның ішінде оның денсаулық жағдайын көзбен шолып тексеруге, жедел медициналық көмекті шақыруға, су, бірінші кезекте қажетті заттарды беруге жәрдемдесуге назар аударады.

10. АӘҚ субъектілері, ішкі істер органдары (адам саудасына қарсы күрес бөліністері) немесе ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы жергілікті атқарушы органы адам саудасының ықтимал құрбаны туралы ақпарат ала отырып, оны сәйкестендіру, көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызмет ұсыну бойынша шаралар қабылдайды.

11. Заңның 16-бабының 2-тармағына сәйкес адам саудасының әлеуетті құрбанын сәйкестендіру, көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатында оның қауіпсіз орнын ауыстыруды сәйкестендіруді жүргізетін субъектілер қамтамасыз етеді.

12. Адам саудасының әлеуетті құрбанын сәйкестендіру, көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну мақсатында оны дереу қауіпсіз ауыстыруды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы жергілікті атқарушы органы оны сәйкестендіргенге дейін, бірақ үш тәуліктен аспайтын қауіпсіз орынды (көлік, тұрғын үй, тамақ) қамтамасыз етеді.

Көрсетілген кезең аяқталған кезде адам саудасының әлеуетті құрбаны АӘҚ субъектілеріне жіберіледі.

13. Адам саудасының әлеуетті құрбаны көмектен бас тартқан жағдайда адам саудасының әлеуетті құрбанын анықтаған Қайта бағыттау қағидаларының субъектісі осы Қайта бағыттау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес адам саудасының әлеуетті құрбанына ақпараттық карточка береді.

14. Егер адам саудасының ықтимал құрбаны анықталған кезде жас дәл анықталмаса және оның кәмелетке толмаған адам екеніне сенуге негіз болса, онда бұл адам кәмелетке толмаған болып саналады және оның жасына дейін тиісті түрде жүгінуге жатады деген болжам бар.

15. Адам саудасының әлеуетті кәмелетке толмаған құрбанымен (бұдан әрі – кәмелетке толмаған адам) өзара іс-қимыл (коммуникация/қарым-қатынас) көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін өзара іс-қимыл жасайтын адамның жынысын (кәмелетке толмаған адаммен бір жыныс болған кезде) таңдау жөніндегі пікірін ескере отырып, ол үшін қауіпсіз жерде жүзеге асырылады.

16. Кәмелетке толмаған адамды анықтаған Қайта бағыттау қағидаларының субъектісі:

1) телефон қоңырауы немесе хабарлама арқылы ішкі істер органдарына (адам саудасына қарсы күрес бөлінісі немесе ювеналды полиция) немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға дереу ауызша хабарлайды;

2) кәмелетке толмаған адамды оған көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін оны қайта бағыттау туралы хабардар етеді. Кәмелетке толмаған адаммен қарым-қатынас баланың ең жақсы мүдделері қағидатын сақтай отырып, оның жасына және дамуына сәйкес келуі керек;

3) кәмелетке толмаған адамды қараусыз қалдырмайды және кәмелетке толмаған адамды ішкі істер органдарына (адам саудасына қарсы күрес бөлінісі немесе ювеналды полиция) немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға беруге жауапты;

4) кәмелетке толмаған адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі, оның шұғыл практикалық қажеттіліктеріне және жедел медициналық көмекті шақыруды, мүмкіндігінше су, бірінші кезекте қажетті заттар беруді қоса алғанда, оның денсаулық жағдайын көзбен шолып тексеруге назар аударады.

17. Кәмелетке толмаған адамды сәйкестендіру, көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатында оның қауіпсіз орнын ауыстыруды сәйкестендіруді жүргізетін субъектілер қамтамасыз етеді.

18. Кәмелетке толмаған адамды сәйкестендіру, көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатында оның дереу қауіпсіз орнын ауыстыруды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар ол сәйкестендірілгенге дейін, бірақ үш тәуліктен аспайтын уақытта қауіпсіз орынды (көлікті, тұрғын үйді, тамақты) қамтамасыз етеді.

Көрсетілген кезең аяқталған кезде кәмелетке толмаған адам Балаларды қолдау орталығына жіберіледі.

19. Кәмелетке толмаған адам берілген субъект оны сәйкестендіру рәсіміне дейін мән-жайларды анықтайды және оның заңды өкілдеріне хабарлау туралы шешім қабылдайды.

20. Адам саудасының құрбандарын, оның ішінде адам саудасының әлеуетті құрбандарын анықтауға және қайта бағыттауға қатысатын Қайта бағыттау қағидаларының субъектілері адам саудасына байланысты дайындалып жатқан не жасалған қылмыстардың өздеріне белгілі болған фактілері туралы ішкі істер органдарына (адам саудасына қарсы күрес бөлінісі) хабарлайды.

21. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері ішкі істер органдарымен ынтымақтастықта Қазақстан Республикасына оралуға арналған куәлікті қысқа мерзімде

береді және Заңның 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарын, оның ішінде кәмелетке толмаған адамдарды, Қазақстан Республикасы мойындаған босқындарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, адам саудасының құрбаны болған азаматтығы жоқ азаматтарды қайтаруды қамтамасыз етеді.

22. Егер шет елде анықталған адам саудасының ықтимал құрбаны көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін сәйкестендіруге және қайта жіберуге ниет білдірсе және ақпараттық келісім берсе Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен ынтымақтастықта халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласында АӘҚ субъектілеріне қайта жіберуді қамтамасыз етеді.

23. Егер шетелде анықталған адам саудасының әлеуетті құрбаны кәмелетке толмаған адам болса, оның ішінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен немесе шет мемлекеттің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарымен ынтымақтастықта болса Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 29-тармағының 5) тармақшасына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына (бұдан әрі – Балаларды қолдау орталығы) қайта жіберуді қамтамасыз етеді.

24. Адам саудасының әлеуетті құрбанын сәйкестендіру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33002 болып тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік бейімдеу мен әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау өлшемшарттарына (бұдан әрі – Өлшемшарттар) сәйкес жүргізіледі.

25. Адам саудасының әлеуетті құрбанын сәйкестендіруді ішкі істер органдары халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағытты айқындайтын аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органымен, АӘҚ субъектілерімен, коммерциялық емес ұйыммен бірлесіп жүргізеді.

26. Сәйкестендіру жүргізілгенге дейін сәйкестендіруді жүргізетін субъект адам саудасының ықтимал құрбаны екеніне көз жеткізуі керек:

1) оған қауіпсіздік пен құпиялылыққа кепілдік берілген жағдайларда болады;

2) психологиялық көмекті және психобелсенді заттарды пайдаланған жағдайда көмекті қоса алғанда, жедел медициналық көмекке мұқтаж емес;

3) суды, гигиеналық құралдарды және қажетті заттарды қоса алғанда, бірінші кезекте қажет заттарды қажет етпейді.

27. Егер адам саудасының ықтимал құрбаны көмекке мұқтаж болса, онда сәйкестендіруді жүргізетін субъект:

1) Жедел медициналық көмекті дереу шақырады;

2) адам саудасының ықтимал құрбанының шұғыл қажеттіліктерін, соның ішінде суды, гигиеналық құралдарды және бірінші кезекте қажет заттарды қанағаттандыруға жәрдемдеседі.

28. Адам саудасының әлеуетті құрбандарын сәйкестендіру процесінде сәйкестендіруді жүргізетін субъектілер кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын, оның ішінде балалардың гендерлік көзқарасы мен мүдделері, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға көмек көрсету, сондай-ақ адам туралы ақпараттың және олардың мәртебесін белгілеуге мүмкіндік беретін мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша сақтайды.

29. Сәйкестендіру жасалған іс-әрекеттер бойынша қылмыстық іс қозғау фактісінің болуына қарамастан жүргізіледі.

30. Егер іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса және адам жәбірленуші деп танылса, адам саудасының әлеуетті құрбанын сәйкестендіру жүргізілмейді.

31. Адам саудасының ықтимал құрбанын сәйкестендіруді жүргізетін субъектілер ол туралы жиналған ақпараттың және адам саудасының құрбаны мәртебесін белгілеуге мүмкіндік беретін мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

32. Егер адамды адам саудасының құрбаны деп анықтаған жағдайда сәйкестендіруді жүргізетін субъект Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген) бекітілген халықты әлеуметтік қорғау саласында Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес (бұдан әрі – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы АӘҚ стандарты) оған Заңның 17-бабына сәйкес адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері және АӘҚ субъектілері көрсететін құқықтар мен міндеттер, қорғау және көмек туралы хабарлайды.

33. Егер адам саудасының әлеуетті құрбаны адам саудасының құрбаны деп танылмаса немесе сәйкестендіруден өтуден бас тартса, онда ол адам саудасы фактісін жасау қатері туындаған жағдайда оған құқықтары мен заңды мүдделерін алдын ала түсіндіре отырып және осы Қайта бағыттау қағидаларына 2- қосымшаға сәйкес ақпараттық карточка бере отырып, тұрғылықты жері бойынша қайта жіберіледі.



34. Адам саудасының әлеуетті құрбаны әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) оны адам саудасының құрбаны деп әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіпте танымау туралы шағым жасауға құқылы.

35. Егер заңда өзгеше көзделмесе, адам саудасының әлеуетті құрбанының сотқа жүгінуіне сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделсе әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа пікірмен бірге жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның дәлелді ұстанымын ұсынады.

36. Егер қараусыз жүрген кәмелетке толмаған адам адам саудасының әлеуетті құрбаны болып табылса, онда кәмелетке толмаған адамды сәйкестендіруді жүргізетін субъектілер ішкі істер органдарына (адам саудасына қарсы күрес бөлінісі немесе ювеналды полиция) немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға олардың жүрген жері бойынша дереу хабарлайды.

37. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеуге орналастыру нысанын таңдағанға дейін оның заңды өкілінің міндеттерін орындау кәмелетке толмаған адамның жүрген жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға уақытша жүктеледі.

38. Егер кәмелетке толмаған адамды адам саудасының құрбаны деп анықтаған жағдайда Балаларды қолдау орталығы оған Заңның 17-бабына сәйкес адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері көрсететін және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 165 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32760 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес Балаларды қолдау орталығы көрсететін құқықтар мен міндеттер, қорғау және көмек туралы хабарлайды.

39. Егер сәйкестендіруді жүргізетін субъект тек ішкі істер органдары және (немесе) тек коммерциялық емес ұйым болып табылса, онда бір жұмыс күні ішінде осы субъект адам саудасы құрбанын тасымалдауды және сүйемелдеуді қоса алғанда, АӘҚ субъектілеріне қайта бағыттауды, бағалау парағын, оның арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға арналған өтінішін, Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті, ал кәмелетке толмаған адамды сәйкестендіру кезінде Қайта бағыттау қағидаларының осы тармағында жоғарыда аталған құжаттарды қоса отырып, Балаларды қолдау орталығына қайта бағыттауды қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Адам саудасының құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тәртібі**

40. Адам саудасының құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету халықты әлеуметтік қорғау саласындағы АӘҚ стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бүкіл процесі барысында АӘҚ субъектілері адам саудасы құрбанын анықталған сәттен бастап арнаулы әлеуметтік қызметтер аяқталған сәтке дейін әлеуметтік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

42. Егер адам саудасының құрбаны мүгедектігі бар адам болып табылған жағдайда АӘҚ субъектісі "Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның 16-бабының сақталуын қамтамасыз етеді.

43. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін, егер адам саудасының құрбаны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және одан әрі әлеуметтік біріктіруді қажет етсе, онда АӘҚ субъектісі:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 256-НҚ бұйрығымен бекітілген Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларының 6-тармағының 3)- тармақшасына сәйкес өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, заң және психологиялық қолдау көрсету үшін оны Отбасын қолдау орталығына қайта жібереді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34499 болып тіркелген);

2) қайта құрбан болу фактілерінің профилактикасы мақсатында оны жұмысқа орналастыруға көмектеседі.

44. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді аяқтағаннан кейін, егер кәмелетке толмаған адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және одан әрі әлеуметтік ықпалдасуға мұқтаж болса, онда АӘҚ субъектісі:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 256-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34499 болып тіркелген) Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларының 6- тармағының 3) тармақшасына сәйкес өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, заң және психологиялық қолдау көрсету үшін оны Отбасын қолдау орталығына қайта жібереді;

2) баланың ең жақсы мүдделеріне жүргізілген бағалау негізінде оның отбасына оралуына жәрдемдеседі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысымен бекітілген мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырады.

45. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 116, 125-баптарында (үшінші бөліктің 2) тармағында), 126-бөлігінде (

үшінші бөліктің 2) тармағында), 128, 134, 135, 308 және 309-баптарында көзделген адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша жәбірленуші деп танылған адамдарға ішкі істер органдары құқықтары мен міндеттері, Заңның 17-бабына сәйкес адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы АӘҚ стандартына сәйкес адам саудасының құрбандарына АӘҚ субъектілер көрсететін қорғау және көмек туралы хабарлайды.

Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидаларына  
1-қосымша

## АДАМ САУДАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Үш элементтің комбинациясы адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға көмектеседі:

- 1) тәуекел тобы;
- 2) адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға болатын орын;
- 3) адам саудасының белгілері

Тәуекел тобы (Кім?):	Адам саудасының ықтимал құрбанын анықтайтын орын (Қайда?):	Белгілері (Қандай?):	
		Адам саудасының жалпы белгілері	Адам саудасының әртүрлі нысандарының ерекше белгілері
		<p>1. Адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған жалпы мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді:</p> <p>Адам:</p> <p>үшінші тұлғалар әртүрлі тәсілдермен бақылайды ( материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділік, психобелсенді құралдар салдарынан осал жағдайды пайдалануды қоса алғанда);</p> <p>қозғалыс еркіндігі жоқ немесе қозғалыс еркіндігі жоқ, бірақ психологиялық, физикалық бақылауда не электронды құрылғылардың көмегімен қашықтықтан (</p>	

телефондар, GPS құрылғылары, гарнитуралар, құлаққаптар, камералар немесе чиптер); материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділіктің, психобелсенді заттардың, GPS технологиялық бақылау құралдарының немесе ұялы телефондарда бақылау бағдарламасының салдарынан осал жағдайды пайдалануды қоса алғанда, бақылаудың әртүрлі әдістерімен пайдалану орнын қалдыруға мүмкіндігі жоқ; физикалық, психологиялық бақылаумен немесе қысыммен не коммуникацияны бақылаудың технологиялық құралдарын (GPS немесе ұялы телефонды бақылау бағдарламаларын қоса алғанда) пайдалана отырып, басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жоқ; қашуға әрекет жасаған кезде пайдалану орнына оралады, жазаның әртүрлі түрлеріне ұшырайды (психологиялық қысымды, айыппұлды немесе шектеулерді қоса алғанда); қауіп-қатерді немесе зорлық-зомбылықты ұстау, ұрлау және/немесе қолдану процесінде жәбірленуші мен агрессор арасында үйренісіп қалу немесе қорғаныш-бейсаналық травмалық байланысы,

өзара немесе біржақты жанашырлығы бар ( Стокгольм синдромы);  
қорқыныш немесе алаңдаушылық жағдайында, оның ішінде құқық қорғау органдарымен (көші-қон қызметін, мемлекеттік еңбек инспекциясын немесе әлеуметтік қызметтерді және т.б. қоса алғанда) байланыста болады;  
жұмыс берушінің қатерімен қылмыстық, әкімшілік, көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан қорқады;  
тек үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша не психологиялық бақылау мен қысымның әртүрлі әдістерімен әрекет етеді, тікелей сұрақтарға жауап бермейді, басқалармен байланыс жасамайды не тек делдалдар арқылы жасайды;  
ұйқы мен ояту сағаттарына, тамақтануға қатысты бақылауда;  
медициналық, әлеуметтік қызметке қолжетімділігі жоқ;  
төлқұжатқа, жеке басын куәландыратын басқа құжаттарға немесе әртүрлі сылтаулармен үшінші тұлғаларда болатын жол жүру құжаттарына қол жеткізе алмайды;  
өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттары бар, бірақ оларды үшінші тұлғалар тарапынан түрлі әдістермен бақыланатындықтан пайдалана алмайды;  
банк картасын алып қоюға байланысты өз

1. Еңбек қанауындағы адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

Адам:

- өз еркіне қарсы, мәжбүрлеу, билікті теріс пайдалану және бақылаудың өзге де әдістерімен ( материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділік салдарынан осал жағдайды қоса алғанда) жұмыс істейді;
  - еңбек шарты жоқ, төлем алмайды не тамақ пен тұру еңбекақы төлеу есебіне кіреді;
  - шарттары жұмысқа орналастыру стандарттарының ең төменгі талаптарына сай келмейтін еңбек шарты бар;
  - еңбек қызметін таңдауға құқығы жоқ;
  - тұрақты емес жұмыс күні;
  - жұмыстың белгісіз сипаты;
  - елді мекендерден алыс орналасқан жерлерде пайдалануы мүмкін.
2. Сексуалдық пайдалану кезінде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы

1. Кәмелетке толған адамдар:  
материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділіктің салдарынан осал жағдайдағы; егде жастағы; мүгедектігі бар адамдар; психикалық және өзге де аурулары бар; психобелсенді заттарды пайдаланатын; қолайсыз отбасылардан; отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар немесе осындай зорлық-зомбылықтың куәгерлері болып табылатындар, оның ішінде қолайлы отбасылардан шыққан адамдар; жұмыссыздар; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ; соттылығы бар; төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендер; үй қызметкерлері ретінде, оның ішінде құжатталмаған адамдар, заң жағынан сауатсыз адамдар; шетелде жүрген еңбекші көшіп-қонушылар (Қазақстанның еспубликасының азаматтары); Қазақстан Республикасының аумағында жүрген еңбекші көшіп-қонушылар ретінде (шетелдіктер); реттелмеген құқықтық мәртебесі бар (

1. Адам саудасының ықтимал құрбандарын, оның ішінде кәмелетке толмағандарды мынадай жерлерде пайдаланады, бірақ мұнымен шектелмейді: жеке үйлер; ресми және бейресми жұмыспен қамту орындары (шаруа қожалықтарын, ауыл шаруашылығы алқаптарын, жайылымдар мен қыстауларды, құрылыс объектілері мен өндірістік объектілерді, модельдік және би агенттіктерін қоса алғанда); демалыс орындары (қонақ үйлер, монша кешендері сауналар, түнгі клубтар) киберкеңістік, оның ішінде порно сайттар мен интимдік сипаттағы қызметтер көрсетілетін сайттар; діни және экстремистік сипаттағы ұйымдар мен секталар  
2. Адам саудасының ықтимал құрбандары анықталуы мүмкін немесе олар туралы ақпарат: қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына; ішкі істер органдарының арнайы мекемелеріне (арнайы қабылдау-тарату орындарын қоса алғанда);

табысын өз бетінше (әлеуметтік жәрдемақыларды қоса алғанда) алуға және оған билік етуге құқығы жоқ; ең аз калория мөлшеріне сәйкес келетін тағамға қол жеткізе алмайды не шектеулі мөлшерде тамақ немесе тамақ қалдықтарын қабылдайды; байланыс құралдары жоқ, байланыс құралдары бар, бірақ байланыс бақылаумен немесе қауіп-қатермен немесе бақылау мен бақылаудың технологиялық құралдарын қолдана отырып жүзеге асырылады; тасымалдау, виза ресімдеу, тұру, тамақтану, киім-кешек және өзге де қызметтер үшін үшінші тұлғаларға нақты шығыстардан асатын сомада ұзақ мерзімді қарыз төлейді; алдауға, бопсалауға, қорлауға, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылықты қолдану қатерлеріне, айыппұлға, қарыз шырмауына, басқа да жазаларға ұшырайды; физикалық немесе психологиялық жарақаттар, ұрып-соғу немесе психологиялық қысым бар; тұрмыстық және сексуалдық зорлық-зомбылыққа, тиісуге ұшырайды; осал адамдардың балалары үшінші тұлғалардың бақылауында немесе қауіп-қатерінде болады;

мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: Адам:  
- киім элементтерін (сексуалды гардероб пен атрибуттар) киюге, сексуалдық бағдарды немесе сексуалдық ұсынысты баса көрсететін мінез-құлықты көрсетуге, контрацептивтерді айтарлықтай мөлшерде алып жүруге мәжбүрлейді;  
- көрсетілетін қызметті алушыларды немесе сексуалдық сипаттағы қызмет түрін немесе күніне қызмет алушылар санын таңдау мүмкіндігі жоқ;  
- сексуалдық сипаттағы қызметтер үшін ақы алу үшін делдал бар (эротикалық массажды, стриптизды, веб-камингті, порнография дайындауды қоса алған және т.б.);  
- сексуалдық сипаттағы қызметтерді ұсыну үшін жарнамалық материалдарды дайындауға қатысуға мәжбүр;  
- сексуалдық сипаттағы қызметтерді көрсету тақырыбында ғана әңгімелер мен іс-қимылдарға кіріседі;  
- үшінші тұлғалар тарапынан адамды бақылау үшін адамның қатысуымен жыныстық сипаттағы материалдардың таралу қауіпі төнуі мүмкін;  
- сексуалдық сипаттағы қызметтерді ұсынудан пайда алу үшін пайдаланатын адаммен романтикалық қарым-қатынаста болуы мүмкін;

<p>көшіп-қонушылар мен босқындар, баспана іздеушілер).</p> <p>2. Кәмелетке толмаған адамдар:</p> <p>1-тармақта көрсетілген тәуекел топтарынан басқа :</p> <p>ересектердің ілесіп жүруінсіз, жетімдер; толық емес отбасылардан ;</p> <p>психикалық денсаулық проблемалары, интеллектуалды мүгедектігі немесе оқуда қиындықтары бар;</p> <p>балалар үйлерінде, асырап алған отбасыларда немесе әлеуметтік қызметтердің қамқорлығында тұратындар;</p> <p>кез келген шығу тегі ж ә н е әлеуметтік-экономикалық мәртебесімен отбасынан, достарынан немесе құрдастар тобынан алшақтайтын немесе олармен күрделі қарым-қатынаста болатындар, қорқытудың құрбандары;</p> <p>мектепке бармайтындар; аралас көші-қон ағындарында, әсіресе ересектердің ілесіп жүруінсіз кәмелетке толмағандар мен ата-анасынан бөлінген балалар.</p>	<p>денсаулық сақтау ұйымдарына; - көлік тораптарына (автобус және теміржол станциялары/вокзалдар мен әуежайларды қоса алғанда); жұмыспен қамту агенттіктеріне; жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне; туристік компанияларға келіп түсуі мүмкін.</p> <p>3. Кәмелетке толмағандар адам саудасының ықтимал құрбандары анықталуы мүмкін немесе олар туралы ақпарат:</p> <p>2-тармақта көрсетілген орындардан басқа: жеке үйлер, асырап алған отбасылардың үйлері, жасөспірімдер үйлері, үйсіздерге арналған баспаналар, хостелдер; балалар және білім беру мекемелері (мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, колледждер және қосымша білім беру мекемелері); кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған уақытша ұстау орталықтары; девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған интернаттар.</p>	<p>өзінің нақты жүрген жері туралы ақпаратты түсінбейді немесе білмейді, не жүрген жерінің мекенжайын білмейді;</p> <p>тұрғын үйге жарамсыз жерде (мысалы, техникалық үй-жайлар немесе сауналар, көшеде немесе жұмыс орнында орналасқан жатын орындар), ең төменгі тұрмыстық жағдайлар болмаған жағдайда (мысалы, тамақ дайындау, гигиеналық рәсімдерді жүзеге асыру үшін) тұрады;</p> <p>ол өмір сүрудің басқа нұсқаларының немесе қалыптасқан жағдайдан шығу мүмкіндігінің болмауына байланысты жағдайды қалыпты ретінде қабылдайды;</p> <p>- алдыңғы өмірде оң тәжірибе мен қолдаудың болмауы нәтижесінде қалыптасқан жағдаймен келіскен.</p> <p>2. Кәмелетке толмаған адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған жалпы мінез-құлық белгілері:</p> <p>Кәмелетке толмаған адам :</p> <p>заңды өкілдерге қол жеткізе алмайды; білімге және медициналық, әлеуметтік көмекке қол жеткізе алмайды;</p> <p>баланың жасына сәйкес келмейтін жұмысты орындайды;</p> <p>қандай да бір құжаттарсыз, ересектердің ілесіп</p>	<p>- анамнезінде түсік түсірудің немесе жыныстық жолмен берілетін аурулардың едәуір саны бар;</p> <p>- сексуалдық немесе тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған (балалық шақты қоса алғанда);</p> <p>- әдетте сексуалдық сипаттағы қызметтер көрсетілетін жерлерде (қонақ үйлер, барлар, притондар, жалға берілетін пәтерлер) жүреді.</p> <p>3. Мәжбүрлі қайыр сұрау кезінде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді:</p> <p>Адам:</p> <p>- мүгедектік белгілері бар немесе әдейі мүгедектікке ұшыраған;</p> <p>- алдын ала белгіленген қоғамдық орындарда (базарлар, мешіттер, вокзалдар және т.б.) садақа сұрау үшін қойылады;</p> <p>- жазадан қорқып, жұмыс орнынан кетпейді, өтіп бара жатқан адамдардан көмек сұрамайды.</p> <p>4. Органдарды алып қою кезінде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтау үшін мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді:</p> <p>Адам:</p> <p>- пайдакүнемдік мақсатта , алаяқтық жолмен немесе заңсыз шарт</p>
--	--	---	---

жүруінсіз немесе заңды негіздері жоқ адамдармен ілесіп жүруі;  
фрустрацияның болуымен және / немесе мінез-құлқының бұзылуымен қорқытып, осы жастағы балалар әдеттегідей әрекет етпеуі немесе өзіне зиян келтіру немесе аутоагрессивті мінез-құлық белгілері болуы мүмкін;  
оның жасына тән емес сексуалдық сипаттағы мінез-құлықты көрсетеді.  
3. Ел аумағына кіру/шығу пункттерін кесіп өту кезінде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтау үшін мінез-құлық белгілері: бақылау органдарымен байланысқа түспеу әрекеттері (басқа жолаушылар ағынынан бөлек қозғалыс, бейнебақылау камераларын қамтудан тыс орындарды іздеу және т.б.); топ құрамында келу, бірақ өзін шекара бақылауында бөлек саяхаттайтын адам ретінде көрсету; адамдар бір-бірімен таныс емес сияқты көрінуге тырысу, мысалы , олар әртүрлі терезелерге кезек алады; мінез-құлықтың шектен шығуы (мысалы, шамадан тыс мойынсұну, өзіне деген сенімділік, тым өткір қабылдау және т.б.); өте пассивті мінез-құлық, әсіресе егер адам топ жетекшісінен/делдалдан бөлек болса, топтық өзара әрекеттесу жоқ адамның бақылауындағы белгілер, біреудің

бойынша органдардан немесе тіндерден айырылған.

5. Құқыққа қайшы әрекетке мәжбүр болған кезде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтайтын мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді:

Адам:

- құқыққа қарсы қызметпен айналысуға мәжбүрлейді ( психобелсенді заттарды дайындау мен таратуды, киберқылмыс жасауды, ұрлық жасауды және алаяқтықты жүзеге асыруды және т.б. қоса алғанда).

6. Кәмелетке толмағандарды сату кезінде адам саудасының ықтимал құрбанын анықтауға арналған мінез-құлық белгілері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді:

Адам:

- заңсыз асырап алу мақсатында сатып алу-сатуға немесе өзге де мәмілелер жасауға ұшыраған (бала асырап алу).



нұсқауы бойынша әрекет ету, басқа адамға өз атынан сөйлеуге мүмкіндік беру, біреудің вербалды немесе вербалды емес белгілері бойынша әрекет ету және т.б.;

дыбыстық жүйке, көзге түсуден аулақ болуға тырысу;

қорқыныштың көрінісі; орынсыз мимика немесе ым-ишара;

қатыгездік немесе шабуыл белгілері ретінде тыртықтар мен көгерулер, өзіне зиян келтіру белгілері;

киім мен барлық мүлік адамның экономикалық жағдайына сәйкес келмейді;

жасы, жынысы, киімі, багажы және белгілі бір пайдалану түріне (еңбек, сексуалдық және т.б.)

адам саудасының құрбаны (әлеуетті) профиліне сәйкес келетін басқа заттар;

өзімен бірге өзінің жол жүру немесе басқа құжаттары (паспорт, билеттер, ақша, шақырту және т.б.) жоқ немесе өз бетінше бақыламайды;

жалған паспорттарды, жеке басын куәландыратын басқа құжаттарды немесе жол жүру құжаттарын көрсетеді;

шағын, стандартты емес немесе тіркелмеген багаж ;

мәлімделген отбасылық мәртебе және / немесе басқа қатынастар күдік тудырады (мысалы, жас айырмашылығы, қысқа

	<p>уақыт ішінде туылған балалардың көп болуы және т.б.);</p> <p>адамның дербес деректерді (туған күні/жасы), тұрғылықты мекенжайын, үй, жұмыс мекенжайын немесе өзге де мекенжайларды атай алмауы;</p> <p>сапардың мақсаттары, саяхаттың практикалық мәліметтері және болу туралы мәліметтердің толық немесе ішінара болмауы;</p> <p>шыққан елдегі (өңірдегі, жергілікті жердегі) қиын жағдай.</p>	
--	--	--

Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін оларды қайта бағыттау қағидаларына  
2-қосымша

## АҚПАРАТТЫҚ КАРТОЧКА

1. "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адамның:

1) құқықтары мен міндеттері, қорғалуы және адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері және адам саудасы құрбандарына арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер көрсететін көмек туралы ақпарат алуға;

2) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректер құпиялылығын сақтауға және оларды қорғауға;

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алуға жүгінуге;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адам (отбасы) ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша берілетін әлеуметтік көмекке жүгінуге;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын медициналық қызметтер тізбесіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте құқықтық консультация беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға, сондай-ақ кешенді әлеуметтік заң көмегін қабылдауға;

7) қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орган "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте қылмыстық процесс барысында мемлекеттік қорғауға жататын адам деп таныған кезде мемлекеттік қорғалуға;

8) сотқа дейінгі тергеп-тексеру және қылмыстық істі сотта қарау шеңберінде кәмелетке толмаған адамнан куә немесе жәбірленуші ретінде жауап алу кезінде педагогтың және (немесе) психологтың қатысуына;

9) Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес өтемақы алуға;

10) шыққан елінің (азаматтығын алған елдің) өкілдіктері мен консулдықтарына кіруін ұйымдастыру тұрғысынан көмек алуға;

11) Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін алу үшін Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұруға;

12) Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны болып анықталған және сәйкестендірілген көшіп келуші ретінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес өзіне арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылған, бірақ күнтізбелік отыз күннен кем болмайтын кезең ішінде құқық қорғау органдарына жүгіну және олармен ынтымақтасу туралы шешім қабылдауға;

13) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес шетелдіктің азаматтығын алған немесе азаматтығы жоқ адам тұрақты тұратын елге Қазақстан Республикасынан кетуге виза алу үшін ішкі істер органдарына жүгінуге;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адам саудасына байланысты нақты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз еңбек қызметін жүзеге асыруға;

15) пана іздеген адам ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте босқын не азаматтығы жоқ адам мәртебесін алуға жүгінуге;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте әкімшілік актіге, әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдануға;

17) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адам:

1) Қазақстан Республикасының адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға;

2) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде қорғалу және көмек алу үшін психологиялық жай-күйі мен денсаулық жағдайын ескере отырып, өзі туралы толық және шынайы ақпарат беруге міндетті.

Егер сіз адам саудасына байланысты қылмыстар туралы білсеңіз, полицияға 102 нөміріне немесе "116 16" адам саудасына қарсы күрес жөніндегі сенім телефонына қоңырау шалуыңызды не жақын жердегі полиция бөлімшесіне хабарласуыңызды сұраймыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК